

**Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 173 "Шалқар ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 19 қазандағы № 260 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Шалқар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 29 қазанда № 3-13-210 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 173 "Шалқар ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-13-175 тіркелген, 2018 жылғы 15 ақпанда "Шалқар" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Шалқар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы шешімді Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы*

*Ж. Сейтмағанбетова*

*Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*С. Бигеев*